

Шаруашылық серіктестіктері туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - КР 1998.04.22 N 221 Заңымен.

Ескерту. Актінің нысаны және тақырыбы жаңа редакцияда;
кіріспе алынып тасталды;

бүкіл мәтін бойынша "Жарлықты", "Жарлықтан", "Жарлықтағыдан", "Жарлықпен",
"Жарлықтың", "Жарлыққа", "Жарлықта" деген сөздер тиісінше "Занды", "Заннан", "
Зандагыдан", "Заңмен", "Заңның", "Заңға", "Заңда" деген сөздермен ауыстырылды - КР
2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

I-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Шаруашылық серіктестігі туралы негізгі ережелер

1. Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және занды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестігі болып танылады.

2. Шаруашылық серіктестіктері толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік нысанында құрылуды мүмкін.

3. Алып тасталды - КР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1997.07.11 N 154, 2003.05.16 N 416,
21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Шаруашылық серіктестіктері туралы зандар

1. Қазақстан Республикасының шаруашылық серіктестіктері туралы заннамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Шаруашылық серіктестіктері нысанында құрылатын коммерциялық ұйымдардың жекеленген түрлерінің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, оны құру мен пайдаланудың ерекшеліктері, мүлкінің құқықтық режимі, шаруашылық қызметін

шектеу осы Заңмен қатар арнаулы заң актілерімен реттеледі немесе арнаулы заң актілерімен белгіленген тәртіппен.

Осы Заңда қамтылатын шаруашылық серіктестіктері туралы жалпы ережелер олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, шаруашылық серіктестіктердің жекелеген түрлеріне қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.06.19 N 134-І, 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Шаруашылық серіктестігіне қатысуышылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету, серіктестікті құру, оның қызметі, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін айқындау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

- 1) кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) шаруашылық серіктестігіне қатысуышылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету;
- 3) шаруашылық серіктестігіне қатысуышылар арасындағы қатынастарды реттеу;
- 4) шаруашылық серіктестігінің құқықтық мәртебесін белгілеу.

3. Шаруашылық серіктестіктері өз қызметін мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырады:

- 1) заңдылық;
- 2) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай міндеттемелері бойынша жауапкершілік;
- 3) шаруашылық серіктестіктерінің қызметі туралы ақпараттың оларға қатысуышылар үшін ашықтығы, қолжетімділігі;
- 4) қатысуышылардың адалдығы.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

3-бап. Шаруашылық серіктестігіне қатысуышылар

1. Азаматтар ғана толық серіктестікке қатысуышылар және сенім серіктестігіндегі толық серіктес бола алады.

2. Азамат бір ғана толық серіктестікке қатысуши немесе бір ғана сенім серіктестігіндегі толық серіктес бола алады.

3. Толық серіктестікте екі қатысуши болуға тиіс.

4. Азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің, қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің қатысуышылары және сенім серіктестігінде салымшылар бола алады.

Мемлекеттің шаруашылық серіктестіктерге қатысуы және оларды басқару ерекшеліктері "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

5. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік бір тұлға құруы немесе сол тұлға серіктестіктің жарғылық капиталының барлық үлесін сатып алған жағдайда бір тұлғадан тұруы мүмкін.

6. Шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, шетелдік занды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбegen болса, осы Заңға сәйкес құрылатын шаруашылық серіктестіктеріне жалпы негізде қатысады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2003.05.16 N 416, 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаттары. Шаруашылық серіктестігін мемлекеттік тіркеу

1. Шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаттары құрылтай шарты мен жарғы болып табылады.

Шаруашылық серіктестікті ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мазмұнын айқындейтын үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

2. Бір тұлға құрған шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаты жарғысы болып табылады.

3. Шаруашылық серіктестігі құрылтай шартының мазмұны коммерциялық құпия болып есептеледі. Құрылтай шарты мемлекеттік немесе өзге ресми органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тек шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың шешімі бойынша не заң актілерінде белгіленген жағдайдаған көрсетілуге тиіс.

Мұдделі тұлғалардың бәрі шаруашылық серіктестігінің жарғысымен танысуға құқылы.

4. Шаруашылық серіктестігінің құрылтай шартына оған қатысушылардың бәрі қол қояды.

5. Шаруашылық серіктестігінің жарғысына құрылтай шартына сәйкес осы серіктестіктің басқарушысы болып тағайындалған құрылтайшы, немесе шаруашылық серіктестігіне қатысушылар оның бірінші басшысы етіп тағайындаған адам (жоғары тұрған лауазымды адам) қол қояды, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе.

Бір тұлға құрған шаруашылық серіктестігінің жарғысына сол құрылтайшының өзі қол қояды.

6. Алып тасталды- КР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Құрылтай шартында құрылтайшылар шаруашылық серіктестігін құруға, оны құру жұмысының тәртібін белгілеуге және өзінің мүлкін серіктестік меншігіне беру; оның қызметіне қатысу; құрылтайшылардың арасында пайда мен шығынды бөлісу; оның

қызметін басқару; оның құрамынан шығу; құрылтайшылардың әрқайсысының үлесінің мөлшері туралы; олардың салымының мөлшері, құрамы, оны енгізудің мерзімі мен тәртібі туралы; құрылтайшылардың салымды енгізу жөніндегі міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі; жарғылық қордың мөлшері мен құрамын анықтау шарттарын анықтауға міндеттеме алады.

Шаруашылық серіктестігінің құрылтай шартында серіктестік қатысушыларының тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), тұрғылықты жері және жеке тұлғалар болып табылатын құрылтайшылардың жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылатын құрылтайшылардың атауы және орналасқан жері көрсетілген тізбесі қамтылуға тиіс.

Құрылтай шартында заңдарда көзделген немесе құрылтайшылар көздейтін басқа да мәліметтер болуы мүмкін.

8. Шаруашылық серіктестігінің жарғысын құрылтайшылар бекітеді, бұл құрылтай шартында көрсетіледі.

Шаруашылық серіктестігінің жарғысында мыналар айқындалады: серіктестіктің түрі, оның атауы, орналасқан жері, қызмет мерзімі (егер ол серіктестікті құру кезінде белгіленсе), басшысының өкілеттіктері, басқару және бақылау органдары, олардың құзыреті, мүлікті құрау тәртібі, пайданы бөлу және залалдарды өтеу тәртібі, серіктестіктің қатысушыларына құжаттарды және серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдері; серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы; серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту тәртібі және оларды қабылдау рәсімдері, серіктестік органдарының шешімдер қабылдау және олардың қүшін жою тәртібі, серіктестіктің қызметін тоқтату (қайта ұйымдастыру немесе тарату) шарттары, сондай-ақ серіктестік пен құрылтайшылар (қатысушылар) арасындағы өзара қатынастар.

Шаруашылық серіктестігінің жарғысында серіктестік қатысушыларының (қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын серіктестікті қоспағанда) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (жеке тұлғалар үшін), сондай-ақ атауы және орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) көрсетілген тізбесі қамтылуға тиіс.

Жарғыда Қазақстан Республикасының заңдары немесе құрылтайшылар көздеген басқа да ережелер қамтылуы мүмкін.

9. Құрылтай құжаттарында осы баптың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттардан басқа, тиісті серіктестік тұрлері үшін осы Занда қарастырылған шарттар да болуға тиіс.

10. Заң актілерімен құқық берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша, сондай-ақ өзге де мұдделі тұлғалардың сот тәртібімен талап етуі бойынша осы баптың

7, 8 және 9-тармақтарында көрсетілген шарттар болмаған жағдайда құрылтай құжаттары жарамсыз деп танылады.

11. Шаруашылық серіктестігін мемлекеттік тіркеуден кейін оның құрылтайшылары серіктестікке қатысушылар болып табылады.

12. Шаруашылық серіктестіктері нысанында құрылатын коммерциялық үйымдардың жекелеген түрлерінің осы Заңда көрсетілмеген құрылтай құжаттарының тізбесі мен мазмұны, осы үйымдар туралы заң актілерінде анықталады.

13. Шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттер, халықаралық үйымдар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар қатысатын шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді- ҚР 1997.06.19 N 132, 1998.04.22 N 221, 2003.05.16 N 416, 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.04 N 54-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.01.20 № 239-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Шаруашылық серіктестігінің мүлкі

1. Шаруашылық серіктестігінің мүлкін негізгі қорлары мен айналым қаражаты, сондай-ақ серіктестіктің дербес балансында құны көрсетілген басқа да мулік құрайды.

2. Мүлік меншік құқығы негізінде шаруашылық серіктестігінікі болады.

3. Серіктестік мүлкін құрайтын көздер:

1) қатысушылардың жарғылық капиталға салымдары;

2) оның қызметінен алынған табыс;

3) заң актілерінде тыйым салынбаған өзге де көздер болып табылады.

6-бап. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталы

1. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталын оған қатысушылар салымдарының жиынтығы құрайды.

2. Шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықтық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салымдар енгізуге жол берілмейді.

3. Серіктестікке салым ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл салымның мөлшері құрылтайшы құжаттарда көрсетілген бүкіл мерзімге есептелген пайдалану төлемімен айқындалады.

Серіктестіктің пайдалануына берілген мүліктің кездейсоқ құрып кетуіне немесе бүлінуіне тәуекелдік, егер құрылтай құжаттарда өзгеше көзделмеген болса, осы мүлікті берген қатысуышыға жүктеледі.

4. Жарғылық капиталға құрылтайшылардың (қатысуышылардың) заттай нысандағы немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысуышыларының жалпы жиналышының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі балама сомадан асып кетсе, оны бағалауды бағалаушы растауға тиіс.

5. Барлық кредиторлар жеке-жеке жазбаша хабардар етілгеннен кейін ғана шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға жол беріледі. Мұндай жағдайда кредиторлар тиісті міндеттемелерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе орындалуын және өздері шеккен зиянның орны толтырылуын талап етуге құқылы.

6. Жарғылық капиталды шаруашылық серіктестіктерінің кейбір түрлері үшін осы Занда және басқа заң актілерінде белгіленген ең төменгі мөлшерден азайтуға жол берілмейді.

Жарғылық капиталды осы баптың 5 және 6-тармақтарында белгіленген тәртіпті бұза отырып азайту мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен шаруашылық серіктестігін таратуға негіз болып табылады.

7. Жарғылық капиталға салымдар енгізу тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ жарғылық капиталды құрау бойынша міндеттемелердің орындалмағаны үшін жауапкершілік заң актілерімен және (немесе) құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1996.07.15 N 30-1, 1997.07.11 N 154, 1998.04.22 N 221; 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-бап. Қатысуышылардың шаруашылық серіктестігінің мүлкіндегі үлесі

1. Барлық қатысуышылардың шаруашылық серіктестігінің мүлкіндегі үлесі олардың жарғылық капиталдағы салымына сай болады.

2. Қатысуышылардың шаруашылық серіктестігінің мүлкіндегі үлесі процент түрінде есептеледі.

3. Шаруашылық серіктестігіне қатысуышылар өздерінің серіктестік мүлкіндегі үлесін белгілеудің осы баппен салыстырғандағыдан өзгеше тәртібін анықтай алады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, шаруашылық серіктестігінің қатысуышысы

серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) өз үлесін немесе оның бір бөлігін кепілге салуға және (немесе) сатуға құқығы бар. Тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шарты нотариаттық куәландырылуға жатады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.16 N 416, 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бап. Шаруашылық серіктестігін басқару

1. Шаруашылық серіктестігінің жоғары органы оған қатысушылардың жалпы жиналышы (өкілдер жиналышы) болып табылады.

2. Шаруашылық серіктестігінде оның қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын және оған қатысушылардың жалпы жиналышына есеп беретін атқарушы (алқалық немесе) және (жеке-дара) орган құрылады.

Жеке-дара басқару органы оның қатысушылары арасынан сайланбауы мүмкін.

3. Алқалық органдар ретінде:

1) басқарма (дирекция);

2) байқаушы кеңес;

3) шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың жалпы жиналышының (өкілдер жиналышының) шешімі бойынша басқа да органдар құрылуы мүмкін.

4. Атқарушы органның қызметін бақылау үшін қатысушылардың жалпы жиналышы тексеру комиссиясын құруға құқылы.

4-1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен шаруашылық серіктестігі банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілдегі тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Шаруашылық серіктестігін басқару органдарының құзыры, оларды сайлау (тағайындау) тәртібі, сондай-ақ олардың шешім қабылдау тәртібі осы Занмен, заң актілерімен және құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңмен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-1-бап. Шаруашылық серіктестіктерінің ақпарат беруі

1. Шаруашылық серіктестігі өзінің қатысушыларының талап етуі бойынша серіктестіктің қызметі туралы, оның қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат беруге міндетті.

Шаруашылық серіктестіктері қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат деп

1) серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысында қабылданған, серіктестіктің байқау кеңесінің, атқарушы органдының, тексеру комиссиясының (ревизорының) шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарызы алуы;

3) жасалған мәміле нәтижесінде серіктестіктің өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иелікten шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді серіктестіктің жасауы;

4) серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;

5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде серіктестіктің баланстық құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

7) серіктестікті әкімшілік жауаптылыққа және (немесе) оның лауазымды адамдарын қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту;

8) серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болса);

9-1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;

10) серіктестіктің жарғысына сәйкес серіктестік қатысушыларының мұдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

2. Шаруашылық серіктестігінің қызметі туралы, оның қатысушыларының мұдделерін қозғайтын ақпаратты беру, егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, осы Заңға және серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қатысушыларға сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат қатысушылардың жалпы жиналысының шешімінде көзделген тәртіппен (егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе), шаруашылық серіктестігі соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

3. Үлестерді сатып алушыларға шаруашылық серіктестігінің қызметі туралы ақпаратты беру серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасалған шартта белгіленеді.

Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды - КР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - КР 2008.07.05 N 58-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-2-бап. Шаруашылық серіктестігінің қызметі туралы құжаттар

1. Шаруашылық серіктестігінің қызметіне қатысты құжаттарды серіктестік өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде серіктестіктің атқарушы органы орналасқан жер бойынша немесе оның жарғысында айқындалған өзге жерде сақтауға тиіс.

2. Мынадай құжаттар сақталуға тиіс:

1) серіктестіктің жарғысы, серіктестіктің жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;

3) құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

4) алып тасталды - КР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды - КР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен;

6) серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекет жасауды арналған лицензиялар;

7) серіктестіктің оның балансындағы (балансында болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

8) серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

9) серіктестік қатысушылары жалпы жиналыстарының хаттамалары, серіктестік қатысушылары жалпы жиналыстары күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;

10) серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылған серіктестік қатысушыларының тізімі;

11) байқау кеңесі күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдары, бақылау кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстарының шешімдері);

12) атқарушы орган отырыстарының хаттамалары (шешімдері).

3. Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

4. Серіктестік шаруашылық серіктестігі қатысушысының талап етуі бойынша оған осы Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін серіктестіктің жарғысында белгіленген тәртіппен беруге міндettі.

Ескерту. Заң 8-2-баппен толықтырылды - КР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - КР 2010.03.19 № 258-IV, 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-бап. Шаруашылық серіктестігінің тоқтатылуы

1. Шаруашылық серіктестігі:

- 1) шаруашылық серіктестігінің құрылған мерзімі өткен соң;
- 2) құрылғанда алдына қойған мақсатына жеткеннен соң;
- 3) қатысуышылардың арасындағы келісім бойынша;
- 4) шаруашылық серіктестігі белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған жағдайда;
- 5) осы Заңда, басқа заң актілерінде немесе шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

2. Шаруашылық серіктестігінің тоқтатылуы қайта ұйымдастыру (қосылу, қосып алу, бөліну, қайта құру) немесе тарату жолымен жүргізіледі.

Шаруашылық серіктестігі қайта ұйымдастырылған кезде серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне қажетті өзгерістер, ал таратылған кезде – Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.

3. Шаруашылық серіктестігінің бір түрін, осы Заңың ережелерін сақтай отырып, қатысуышылардың жалпы жиналышында шаруашылық серіктестігінің басқа түріне не өндірістік кооперативтерге айналдыруға болады.

4. Толық серіктестікті немесе сенім серіктестігін акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестікке айналдырғанда акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі, немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің қатысуышы болған әрбір толық серіктес толық немесе сенім серіктестігінен акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестікке кешкен міндеттемелер бойынша екі жыл бойы өзінің барлық мүлкімен субсидиарлық жауап береді. Бұрынғы толық серіктестің өзіне тиесілі акцияларын (үлестерін) ажыратып алуды оны мұндай жауапкершіліктен босатпайды.

5. Шаруашылық серіктестігін таратуды - оған қатысуышылар тағайындаған тарату комиссиясы, ал банкрот болған жағдайда - банкроттықты басқарушы жүргізеді.

Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіп пен мерзімде шаруашылық серіктестігінің алдағы уақытта таратылатыны туралы жариялайды.

6. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап шаруашылық серіктестігінің ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған көшеді.

Тарату комиссиясы шаруашылық серіктестігінің қолда бар мүлкін бағалайды, кредиторларды анықтайды және олармен есеп айырысады, тарату балансын жасап, оны серіктестікке қатысуышыларға табыс етеді.

Кредиторлардың талабын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Шаруашылық серіктестігінде қалған мүлік серіктестік қызметкерлерінің енбегіне ақы төлеу, соның ішінде заң актілерінде көзделген өтемдік төлемдер жасау бойынша есеп айырысқаннан және бюджет пен кредиторлар алдындағы міндеттемелер орындалғаннан кейін қатысуышылардың арасында серіктестіктің жарғылық капиталындағы олардың салымына қарай немесе құрылтай құжаттарында көзделген басқа тәртіп бойынша тең болінеді.

8. Шаруашылық серіктестігі таратылған кезде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына тарату балансы ұсынылады, соның негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне серіктестіктің таратылғаны туралы тиісті жазба енгізіледі.

9. Тарату аяқталды, ал шаруашылық серіктестігі өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап есептеледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1996.07.15 N 30-1, 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

II-БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

I-ТАРАУ. ТОЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

10-бап. Толық серіктестік ұфымы

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысуышылары оның міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақтасып жауап беретін шаруашылық серіктестігі толық серіктестік деп танылады.

11-бап. Толық серіктестікке қатысуышылардың құқықтары мен міндеттері

1. Толық серіктестікке қатысуышылардың:

1) осы Занда және серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша толық серіктестікті басқаруға, соның ішінде серіктестік алған пайданы бөлуге қатысуға;

2) толық серіктестіктің қызметі туралы толық ақпарат алуға, соның ішінде серіктестіктің бухгалтерлік және басқа да құжаттамасымен танысуға;

3) егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмеген болса, толық серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесінің мөлшеріне қарай оның қызметінен пайда алуға;

4) белгіленген тәртіп бойынша толық серіктестіктен шығуға;

5) толық серіктестік таратылған жағдайда серіктестіктің кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкіндегі немесе оның құнындағы өзінің үлесіне сәйкес толық серіктестік мүлкінің бір бөлігін алуға құқығы бар;

6) осы Занда және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген өз құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқығы бар.

2. Толық серіктестіктерге қатысушылардың осы Занға, басқа заң актілеріне және серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

3. Осы Занға және басқа заң актілерінде толық серіктестікке қатысушылар үшін көзделген құқықтардан бас тарту немесе оларды шектеу, оның ішінде серіктестікке қатысушылардың келісімі бойынша шектеу маңызды болып табылады.

4. Толық серіктестікке қатысушылар:

1) толық серіктестіктің құрылтай құжаттарын сақтауға;

2) толық серіктестіктің қызметіне құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша қатысуға, соның ішінде серіктестіктің атынан іс жүргізуге немесе қызметін жүзеге асыруда оған көмек көрсетуге;

3) толық серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, тәсілмен және мөлшерде салым салуға;

4) өз атынан және өз мүддесі үшін серіктестік қызметінің мәні болып табылатын істермен біртекtes мәмілелер жасаудан тартынуға;

5) толық серіктестік құпия деп жариялаған мәліметтерді жарияламауға міндетті;

6) серіктестіктің атқарушы органына тұрғылықты жерінің және жеке басын куәландаудың құжат деректерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5. Толық серіктестікке қатысушылар осы Занда және басқа заң актілері мен құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттер қабылдай алады.

6. Толық серіктестікке қатысушыларды осы Занда, басқа заң актілері мен құрылтай құжаттарында көзделген міндеттерге кірмейтін іс-әрекет жасауға міндеттейтін олардың келісімдері маңызды болып табылады.

7. Толық серіктестікке қатысушы осы Занда, басқа заң актілері мен құрылтай құжаттарында көзделген міндеттерін орындауда, соның салдарынан серіктестікке немесе оған қатысушыларға зиян келтірілсе, басқа қатысушылар мұндай қатысушыдан зиянды өтеуге, ал елеулі зиян келтірген жағдайда оның серіктестіктен сот арқылы шығарылуын талап етуге құқылы.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. Толық серіктестіктің құрылтай құжаттарының мазмұны

1. Толық серіктестіктің құрылтай құжаттарында оның фирмалық атауы көрсетілуге тиіс, онда:

1) барлық қатысушылардың есімі, сондай-ақ "толық серіктестік" деген сөздер, не болмаса;

2) "және компания" деген сөздер қосылған, бір немесе бірнеше қатысушының есімі, сондай-ақ "толық серіктестік" деген сөздер болуы керек.

2. Толық серіктестіктің құрылтай құжаттарында осы Заңның 4-бабының 7 және 8-тармақтарында көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.

13-бап. Толық серіктестіктің жарғылық капиталы. Қатысуышылардың толық серіктестік мүлкіндегі үлесі

1. Толық серіктестіктің қатысуышылары жарғылық қор құрады, оның мөлшері қатысуышылар жарғылық капиталға үлес қосқан сэтте Қазақстан Республикасында зандармен белгіленген есептік көрсеткіштің жиырма бес мөлшерінен кем болмауы керек.

2. Толық серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері, оны құрау тәртібі мен мерзімі серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленеді.

3. Қатысуышылардың толық серіктестік мүлкіндегі үлесі осы Заңның 7-бабындағы ережелермен анықталады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.06.19 N 132 Заңымен.

14-бап. Толық серіктестіктің ісін жүргізу

1. Толық серіктестіктің жоғары органы қатысуышылардың жалпы жиналысы болып табылады. Толық серіктестіктің ішкі мәселелері жөніндегі шешім барлық қатысуышылардың ортақ келісімі бойынша қабылданады. Серіктестіктің құрылтай құжаттарында қатысуышылардың көпшілік дауысымен шешім қабылданатын реттер де көзделуі мүмкін. Егер құрылтай шартында оның қатысуышыларының дауыс санын анықтаудың өзгеше тәртібі көзделмесе, толық серіктестіктің әрбір қатысуышы бір дауысқа ие болады.

Құрылтай құжаттарында қатысуышылар ие болатын дауыс санын олардың серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне қарай белгілеу көзделуі мүмкін.

2. Толық серіктестікті басқаруда осы баптың 1-тармағының ережелерін ескере отырып толық серіктестіктің атқарушы органдары жүзеге асырады.

Басқару органдарының түрлері, құрылу тәртібі және олардың құзыры құрылтай құжаттарында белгіленеді.

3. Толық серіктестікке қатысуышының өзге қатысуышылардың келісуінсіз өз атынан және өз мүдделері немесе үшінші тұлғаның мүдделері үшін серіктестік қызметінің мәнімен біртектес мәмілелер жасауға құқығы жоқ. Бұл ереже бұзылған жағдайда серіктестік өз қалауы бойынша мұндай қатысуышыдан не серіктестікке келтірілген шығынның орнын толтыруын, не осындай мәмілелерден тапқан бүкіл пайданы серіктестікке беруін талап етуге құқылы.

4. Серіктестіктің ісін жүргізу тапсырылған толық серіктестік органдары қатысуышылардың талап етуі бойынша олардың бәріне өз қызметі жайында толық ақпарат беріп отыруға міндетті.

5. Өкілеттігі болмаса да орталық мүдделер үшін іс-әрекет жасаған қатысуши, оның іс-әрекетін қалған қатысуышылар макұлдамаған жағдайда, егер ол, өзінің іс-әрекеті арқасында серіктестік құны жөнінен серіктестік шеккен шығыстардан асып түсетін

мүлікті сақтап қалғандығын немесе тиісінше сатып алғандығын дәлелдейтін болса, серіктестікten өзі жасаған шығыстардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15-бап. Толық серіктестікке қатысуышылардың құрамын өзгерту

1. Қатысуышы серіктестікten шыққан, ол банкрот деп танылған немесе серіктестік мүлкіндегі оның үлесін кредитор (кредиторлар) өндіріп алуды қолданған, толық серіктестікке қатысуышы қайтыс болған, оны қайтыс болды деп жариялаған, белгісіз жағдайда хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелуі деп танылған жағдайларда, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмеген немесе қалған қатысуышылардың келісімімен белгіленбеген болса, толық серіктестік тоқтатылуға жатады.

2. Толық серіктестік өз қызметін одан әрі жалғастырған жағдайда, сондай-ақ қатысуышының серіктестік мүлкіндегі үлесі басқа қатысуышыларға немесе үшінші тұлғаға көшкен, қатысуышы серіктестікten шығарылған, немесе серіктестікке жаңа қатысуышылар қабылданған жағдайларда, құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізіле отырып, толық серіктестік қайта тіркелуге тиіс.

16-бап. Қатысуышының толық серіктестікten шығуы

1. Толық серіктестікке қатысуышы серіктестікке қатысудан бас тартатыны жайында мәлімдеп, одан шығуға құқылы.

2. Қатысуышы толық серіктестікке қатысудан бас тартатынын серіктестікten нақты шығардан кемінде алты ай бұрын мәлімдеуге тиіс.

Бес жылға дейінгі мерзімге құрылған толық серіктестікten мерзімінен бұрын шығуға дәлелді себептер бойынша ғана жол беріледі.

3. Толық серіктестіктің құрылтай құжаттарында қатысуышылардың серіктестікten шығу туралы арыз беруінің осы бапта белгіленгеннен өзгеше мерзімі көзделуі мүмкін.

Серіктестікке қатысуышылардың серіктестікten шығу құқығынан бас тарту туралы өзара келісімі маңызды болып табылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Қатысуышының толық серіктестікten шығуының салдары

1. Толық серіктестікten шыққан қатысуышыға серіктестік мүлкінің сол қатысуышының серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесінің мөлшеріне бара-бар бөлігінің құны төленеді.

2. Толық серіктестік мүлкінің одан шығатын қатысуышыға тиесілі бөлігінің құны қатысуышының серіктестікten шығу сәтіне жасалған серіктестік балансына сәйкес анықталады және қатысуышының серіктестікten нақты шыққан күнінен бастап 30 күн ішінде төленеді.

3. Шығатын қатысуышының қалатын қатысуышылармен келісуі бойынша толық серіктестік мүлкінің бір бөлігінің құны мүлікті заттай берумен алмастырылуы мүмкін.

4. Шығып кеткен қатысушыға оның сол жылды серіктестікте болған кезеңінде толық серіктестіктің осы жылда алған пайдалануың оған тиесілі бір бөлігі де төленеді.

5. Толық серіктестіктің жарғылық капиталына өз салымын ішінәра қосқан қатысушыға шығар кезінде, егер құрылтай құжаттары мен қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, оған сол салымының бір бөлігінің құны ғана төленеді.

6. Егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше белгіленбесе, шығатын қатысушының толық серіктестіктің пайдалануына берген мүлкі сыйақысыз қайтарылады.

6-1. Қатысушы толық серіктестікten шыққан кезде құқығы (соның ішінде шартты жер үлесіне құқығы) серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде берілген жер участкесін нақтылы бөліп шығару Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Қатысушы шыққан кезде қалған қатысушылардың толық серіктестік мүлкіндегі үлесі, егер құрылтай құжаттарында немесе қатысушылардың келісуімен өзгеше көзделмесе, ол үлес қатысушы серіктестікten шыққан күнге белгіленген бастапқы мөлшеріне бара бар ұлғайтылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2003.12.29 N 512 Заңымен.

18-бап. Толық серіктестікке қатысушы үлесінің (үлесінің бір бөлігінің) ауысуы

1. Толық серіктестікке қатысушы өз үлесін (үлесінің бір бөлігін) қалған барлық қатысушылардың келісуімен ғана серіктестіктің басқа қатысушыларына немесе үшінші тұлғаға беруі мүмкін.

2. Үлес серіктестіктің басқа қатысушысына немесе үшінші тұлғаға берілген жағдайда толық серіктестікten шыққан қатысушыға тиесілі құқықтар мен міндеттердің бүкіл жиынтығы да ауысады.

3. Серіктестікке қатысушы қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жарияланған ретте, құқығын иеленуші (мурагері) барлық қатысушылардың келісуімен серіктестікке кіре алады.

4. Құқығын иеленуші (мурагері) толық серіктестікке кіруден бас тартқан немесе серіктестік құқығын иеленушіні (мурагерді) қабылдаудан бас тартқан жағдайда, оған серіктестік мүлкіндегі құқығын иеленуші ретінде тиесілі үлесінің қатысушы қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған күнге анықталған құны осы Заңың 17-бабында белгіленген тәртіп бойынша төленеді.

19-бап. Қатысушыны толық серіктестікten шығару

1. Толық серіктестікке қатысушылар бір немесе бірнеше қатысушының дәлелді себептер болғанда, атап айтқанда, олар өз міндеттерін өрескел бұзған немесе істі байсалды жүргізуге қабілетсіздігі анықталған жағдайда қалған қатысушылардың бірауыздан қабылдаған шешімі бойынша, сотқа беру тәртібімен серіктестікten шығарылуын талап етуге құқылы.

2. Толық серіктестікten шығарылған қатысушыға серіктестік мүлкінің бір бөлігінің құны осы Заңның 17-бабында белгіленген тәртіппен төленеді.

3. Қатысушы шығарылған жағдайда оның серіктестікке келтірген барлық шығыны толық серіктестік мүлкінің оған төленетін бір бөлігінің құнынан сottтың шешімі бойынша өндіріп алынады. Шығарылған қатысушының серіктестікке келтірген шығынының құны шығару кезінде оған төленген мүліктің бір бөлігінің құнынан асып кеткен жағдайда, шығын құнының жетпейтін бөлігі серіктестікten шығарылған қатысушының басқа мүлкінен өндіріп алынады.

20-бап. Қатысушының толық серіктестікегі үлесінен өндіріп алуды қолдану

1. Қатысушының толық серіктестікегі үлесінен оның жеке борыштары бойынша өндіріп алуды қолдануға борыштарын өтеу үшін оның өзге мүлкі жеткіліксіз болған кезде ғана жол беріледі. Мұндай қатысушының кредиторлары сол мүлкітен өндіріп алуды қолдану мақсатында борышқордың серіктестіктің жарғылық капиталындағы салымына бара-бар серіктестік мүлкінің бір бөлігін осы Заңның 17-бабында анықталған тәртіп бойынша бөлуін толық серіктестікten талап етуге құқылы. Серіктестік мүлкінің бөлуге жататын бөлігі немесе оның құны кредиторлардың бөлу туралы талап қойған сәтіне жасалған баланс бойынша анықталады.

2. Қатысушының толық серіктестік мүлкіндегі үлесінен өндіріп алу оның серіктестікке қатысуын тоқтатады және осы Заңның 15, 19 және 24-баптарында көзделген салдарға әкеліп соғады.

21-бап. Толық серіктестікке қатысушыны хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танудың салдары

1. Егер толық серіктестікке қатысушы әрекетке қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған кезде серіктестік сақталатын болса (осы Заңның 15-бабы), онда осы қатысушының қорғаншысы немесе оның мүлкі серіктестіктің қалған қатысушыларының бәрі келіскең жағдайда ғана серіктестік қызметіне қатыса алады.

Серіктестіктің барлық қатысушының осындаған келісімі әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған қатысушының серіктестік қызметіне қатысуы үшін де талап етіледі.

2. Хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған қатысушының қорғаншысы сол қатысушының атынан толық серіктестік қызметіне қатысудан бас тартса немесе серіктестік оның өзі қызметіне осындаған қатысуынан бас тартқан жағдайда сол қатысушының занды өкілі ретінде қорғаншысына серіктестік мүлкінің қатысушы өкіліне тиесілі бір бөлігінің құны осы Заңның 17-бабында анықталған тәртіп бойынша төленеді.

Әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған қатысушыға, серіктестік немесе сол қатысушының қамқоршысы серіктестік қызметіне қатысудан бас тартқан жағдайда, сол қатысушыға нақ осындаған тәртіп бойынша серіктестік мүлкінің бір бөлігінің құны төленеді.

22-бап. Толық серіктестікке жаңа қатысушыларды қабылдау

1. Жаңа қатысушылар толық серіктестікке барлық қатысушылардың келісуі бойынша ғана қабылдануы мүмкін.

2. Жаңа қатысушыларды қабылдаған кезде толық серіктестіктің құрылтай құжаттарына мынадай:

1) серіктестікке қатысушылар үлесінің жаңа мөлшеріне;

2) серіктестікті басқару тәртібіне;

3) серіктестіктің жаңа қатысушысы салымының мөлшеріне, оны енгізу тәртібіне, мерзімі мен тәсіліне;

4) жаңа қатысушыны қабылдауға байланысты басқа да қажетті өзгерістер енгізіледі.

23-бап. Толық серіктестіктің пайдасы мен шығынын бөлу

1. Толық серіктестіктің пайдасы мен шығыны қатысушылар арасында, егер құрылтай шартында немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, олардың серіктестіктің жарғылық қорындағы үлесінің мөлшеріне бара бар бөлінеді.

2. Толық серіктестікке қатысушылардың әлде біреуін пайда мен шығынды бөлуге қатысадан аластаратын келісімдер маңызсыз болып табылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Қатысушылардың толық серіктестіктің борыштары бойынша жауапкершілігі

1. Егер толық серіктестік таратылған жағдайда оның барлық борышын өтеу үшін қолда бар мүлкі жетпейтін болса, оның мүшелері жетіспейтін бөлігінде заң актілеріне сәйкес өндіріп алынуы мүмкін өздерінің барлық мүлкімен серіктестік үшін ортақтасып жауап береді.

2. Серіктестік құрылғаннан кейін үлес беру немесе құқығын иеленуші тәртібімен серіктестікке кірген толық серіктестіктің қатысушысы ол серіктестікке кіргенге дейін пайда болған міндеттемелер бойынша да басқа қатысушылармен бірдей жауап береді.

Серіктестік құрылғаннан кейін оған жаңа қатысушы ретінде кірген толық серіктестіктің қатысушысы, өзі серіктестікке кіргеннен кейінгі міндеттемелер бойынша ғана жауап береді.

3. Толық серіктестікten өз еркі бойынша, оны хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз немесе қамқоршысының келісіумен әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған жағдайда немесе серіктестікten сот шешімі бойынша шығарылған қатысушы, сондай-ақ серіктестікке кіру жайындағы ұсыныстан бас тартқан, қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған қатысушының құқығын иеленуші (мұрагері) серіктестікten шыққан жылғы серіктестіктің қызметі туралы есепті бекіткен күннен бастап өздері одан шыққанға дейін пайда болған серіктестіктің міндеттемелері бойынша екі жыл бойы жауап береді.

4. Үлесін басқа қатысушыға немесе үшінші тұлғаға беру, серіктестік мүлкіндегі оның үлесіне кредитордың (кредиторлардың) өндіріп алуды қолдануы немесе әрекетке

қабілеттілігі шектеулі деп танылмаған қатысуышының серіктестік қызметіне қатысуына қалған қатысуышылардың келісім беруден бас тартуы, хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған қатысуышының заңды өкілі ретіндегі қорғанышы тәртібімен толық серіктестіктен шыққан қатысуши, сондай-ақ серіктестікке қабылдауға басқа қатысуышылар келісім бермеген қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған қатысуышының құқығын иеленуші (мұрагері) серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Толық серіктестіктің борышын толық немесе ішінара өтеген қатысуши тиісті бөлігінде серіктестік мүлкіндегі өз үлестеріне бара бар мөлшерде өзінің алдында үлестік жауапкершілік тартатын қалған қатысуышыларға кері талап қойып өтініш жасауға құқылы.

6. Толық серіктестік тоқтатылған жағдайда қатысуышылар оның доғарылу сәтіне дейін пайда болған серіктестіктің міндеттемелері бойынша серіктестік тоқтатылған күнінен бастап екі жыл бойы жауап береді.

7. Қатысуышылардың толық серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершілігінің осы бапта көрсетілген тәртібін өзгерту туралы олардың келісімдері маңызды болып табылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 27.02.2017 № № 49-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Толық серіктестікті тоқтатудың әрекшеліктері

1. Осы Заңның 9-бабында көрсетілген негіздерден басқа, серіктестікте жалғыз қатысуши қалған жағдайда толық серіктестік тоқтатылады.

2. Серіктестікте жалғыз өзі қалған сәттен бастап алты айдың ішінде толық серіктестіктің қатысуышы жаңа қатысуышылар қабылданап, толық серіктестікті сақтап қалуға құқылы.

3. Жалғыз өзі толық серіктестіктің қатысуышы болып қалған сәттен бастап ол алты айдың ішінде мынадай іс-әрекет жасауға:

1) серіктестік жүзеге асырып жатқан қызметті қаржыландыру туралы салымшылармен шарт жасасуға және сенім серіктестігін құруға;

2) тиісті серіктестік түрінің жарғылық қорының ең төменгі мөлшері туралы осы Заңның талаптары орындағанда отырып, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік құруға яки серіктестікті таратуға құқығы бар.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2003.05.16 N 416 Занымен.

II-ТАРАУ. СЕНІМ СЕРІКТЕСТИГІ

26-бап. Сенім серіктестігінің ұғымы

1. Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктестерімен) ортақтасып жауап беретін бір немесе одан да көп қатысуышылармен қатар, жауапкершілігі серіктестіктің (салымшылардың) жарғылық капиталына өздері

салған салым сомасымен шектелетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына қатыспайтын бір немесе одан да көп қатысуышылардан тұратын шаруашылық серіктестігі сенім серіктестігі деп танылады.

2. Сенім серіктестігіне қатысатын толық серіктестердің құқықтық жағдайы және олардың серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілігі толық серіктестіктің қатысуышылары туралы ережемен белгіленеді.

3. Осы Заңның толық серіктестік туралы (10-25 баптар) нормалары сенім серіктестігіне қолданылады, өйткені бұл осы тараудың ережелеріне қайшы келмейді.

27-бап. Сенім серіктестігі салымшыларының құқықтары мен міндеттері

1. Сенім серіктестігі салымшыларының:

1) серіктестік пайдасының бір бөлігін құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп бойынша мүліктегі және жарғылық капиталдағы өз үлесіне бара-бар мөлшерде алуға;

2) серіктестіктің жылдың есебімен және баланстарымен танысуға, сондай-ақ олардың дұрыс жасалуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап етуге;

3) мүліктегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін осы Заңда және серіктестік құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп бойынша басқа салымшыға немесе үшінші тұлғаға беруге;

4) осы Заңның 31-бабының 2-тармағында және серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп бойынша серіктестіктен шығуға құқығы бар;

5) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға;

6) осы Заңда және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген өз құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқығы бар.

2. Сенім серіктестігі салымшыларының осы Заңда, басқа да заң актілерінде және серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

3. Сенім серіктестігінің салымшылары үшін осы Заңда және басқа заң актілерінде көзделген құқықтардан бас тарту немесе оларды шектеу, соның ішінде салымшылар мен толық серіктестіктердің келісіүі бойынша шектеу маңызды болып табылады.

4. Сенім серіктестігінің салымшылары:

1) серіктестіктің құрылтай құжаттарының шарттарын сақтауға;

2) серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен тәсілмен және мөлшерде салымдар салуға;

3) серіктестіктің құрылтай құжаттарында көрсетілген жағдайларда серіктестің өз қызметін жүзеге асыруына жәрдемдесуге, соның ішінде серіктестікке қызмет көрсетуге міндетті;

4) серіктестіктің атқарушы органына жеке тұлғалар үшін - тұрғылықты жерінің және жеке басын куэландыратын құжат деректерінің, заңды тұлғалар үшін атауының және орналасқан жерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5. Егер салымшы сенім серіктестігінің мүдделері үшін тиісті өкілеттіксіз мәміле жасаса, оның іс-әрекетін серіктестік мақұлдаған жағдайда ол мәміле бойынша

кредиторлардың алдында толық көлемде жауап береді. Егер ол мақұлданбаса, салымшы заң бойынша өндіріп алынуы мүмкін барлық мүлкімен үшінші тұлға алдында дербес жауап береді.

6. Сенім серіктестігінің салымшылары осы Занда және басқа заң актілерінде, серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

7. Толық серіктестер мен салымшыларының осы Занда, басқа заң актілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген міндеттеріне кірмейтін іс-әрекет жасауға сенім серіктестігінің салымшыларына міндеттейтін келісімдері маңызды болып табылады.

8. Сенім серіктестігінің салымшысы осы Занда және басқа заң актілері мен құрылтай құжаттарында көзделген өзінің міндеттерін орындау арқылы серіктестікке немесе оның қатысуышыларына зиян шектірсе, толық серіктестер мұндай салымшыдан оны өтеуді, ал елеулі түрде зиян шектірсе - оны сот тәртібімен серіктестікten шығаруды талап етуге құқылы.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

28-бап. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталы. Қатысуышылардың сенім серіктестігінің мүлкіндегі үлесі

1. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталы толық серіктестер мен салымшылардың салымынан құралады және жарғылық капиталға салым салған сэтте Қазақстан Республикасында заңмен белгіленген елу есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болмауға тиіс.

2. Салымшылардың жарғылық капиталдағы үлесінің жиынтық мөлшері 50 проценттен аспауы керек. Бұл ретте сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарында салымшылардың толық серіктестіктердің салымын (салымының бір бөлігін) төлеу жөніндегі міндеттері көзделуі мүмкін.

3. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталының мөлшері, оны құрау тәртібі мен мерзімі серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленеді.

4. Қатысуышылардың сенім серіктестігінің мүлкіндегі үлесі осы Заңың 7-бабындағы ережелер бойынша анықталады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.06.19 N 132, 1998.04.22 N 221 Зандарымен.

29-бап. Сенім серіктестігі құрылтай құжаттарының мазмұны

1. Сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарында оның фирмалық атауы көрсетілуге тиіс, онда:

1) толық серіктестердің бәрінің есімі, сондай-ақ "сенім серіктестігі" деген сөздер не болмаса;

2) "және компания" деген сөздер қосылған кемінде бір толық серіктестің есімі, сондай-ақ "сенім серіктестігі" деген сөздер болады.

2. Сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарында сондай-ақ осы Заңның 4-бабының 7 және 8-тармақтарында көзделген мәліметтер болуы керек.

30-бап. Сенім серіктестігінің ісін басқару

Сенім серіктестігінің ісін басқаруды толық серіктестер жүзеге асырады. Сенім серіктестігінің ісін оның толық серіктестерінің басқаруы мен жүргізуінің тәртібін олар толық серіктестік туралы ережелер бойынша белгілейді. Салымшылардың сенім серіктестігінің ісін басқаруға қатысуға, сондай-ақ сенімхатсыз оның атынан әрекет жасауға құқығы жоқ. Сенім серіктестігі салымшыларының толық серіктестердің серіктестік ісін басқару жөніндегі іс-әрекетін даулауға құқығы жоқ.

31-бап. Сенім серіктестігі салымшыларының құрамын өзгерту

1. Салымшының сенім серіктестігінің мүлкіндегі өз үлесін (үлесінің бөлігін) басқа салымшыларға, толық серіктестерге немесе үшінші тұлғаларға беруі, егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, толық серіктестердің барлығының келісуімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесі басқа салымшыларға, толық серіктестерге немесе үшінші тұлғаларға берілген кезде сенім серіктестігінен шыққан салымшыға тиесілі барлық құқықтар мен міндеттер жиынтығы осымен бір мезетте соларға өтеді.

2. Сенім серіктестігінің салымшысы қаржы жылды аяқталған соң серіктестікке қатысадан бас тарту жөнінде мәлімдеп, одан шығуға құқылы.

Салымшы өзінің сенім серіктестігіне қатысадан бас тартуын, егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылды аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын мәлімдеуге тиіс.

Салымшы сенім серіктестігінен шыққан жағдайда осы Заңның 17-бабында қарастырылған салдар қүшіне енеді.

3. Кредитордың (кредиторлардың) серіктестіктің мүлкіндегі салымшының үлесіне өндіріп алушы қолдану тәртібі осы Заңның 20-бабында белгіленеді.

4. Толық серіктестер серіктестіктің жарғылық капиталына өздерінің мүліктік жарнасын толық салмаған жағдайда бір немесе бірнеше салымшыны толық серіктестердің барлығының бірауыздан қабылдаған шешімі бойынша сот тәртібімен шығарылуын талап етуге құқылы.

Сенім серіктестігінен шығарылған салымшыға, егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, серіктестіктің жарғылық капиталына енгізген салымдарының сомасы төленеді.

Егер салымшы сенім серіктестігінің жарғылық капиталына ешқандай салым енгізбесе, онда серіктестіктің құрылтай құжаттарында салымдар енгізу үшін белгіленген мерзім біткен қуннен бастап 30 күн өткен соң, егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, серіктестікке мүшелігі доғарылады.

5. Сенім серіктестігінің салымшысы - занды тұлға тоқтатылған (таратылған немесе қайта құрылған) немесе серіктестік салымшысы азамат қайтыс болған немесе қайтыс

болды деп жарияланған жағдайда оның құқығын иелену Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

32-бап. Қатысушылардың сенім серіктестігінен шығының салдары

Қатысушы (толық серіктес немесе салымшы) сенім серіктестігінен шыққан кезде серіктестік мүлкіндегі қалған қатысушылардың үлесі, егер құрылтай құжаттарында немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, қатысушының серіктестікten шыққан күніне белгіленген олардың бастапқы мөлшеріне барабар ұлғаяды.

33-бап. Сенім серіктестігіне жаңа қатысушылар қабылдау

1. Сенім серіктестігіне жаңа толық серіктестер мен салымшылар қабылдау толық серіктестердің барлығының келісуімен ғана мүмкін болады.

2. Жаңа толық серіктестер немесе салымшылар қабылданған ретте сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарына мынадай өзгерістер енгізуі мүмкін:

1) қатысушылардың серіктестік мүлкіндегі үлестерінің жаңа мөлшері;

2) серіктестікті басқару тәртібіндегі өзгерістер;

3) жаңа толық серіктестер мен салымшылардың өз салымдарын серіктестіктің жарғылық қорына енгізу мөлшері, тәртібі, мерзімі мен жолы;

4) жаңа қатысушыны қабылдауға байланысты басқа да қажетті өзгерістер.

34-бап. Сенім серіктестігінің пайдасы мен шығынын бөлу

1. Егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, сенім серіктестігінің пайдасы мен шығыны оған қатысушылардың барлығының арасында серіктестік мүлкіндегі олардың үлесіне барабар мөлшерде бөлінеді.

2. Қатысушылардың қайсысын болмасын серіктестіктің пайдасын бөлісуге немесе шығынын өтеуге қатысудан шеттету туралы келісімге жол берілмейді.

35-бап. Қатысушылардың сенім серіктестігінің борыштары бойынша жауапкершілігі

1. Толық серіктестерге сенім серіктестігінің міндеттемелері бойынша осы Заңның 24-бабында белгіленген тәртіппен өздерінің барша мүлкімен бірлескен қосымша жауапкершілік жүктеледі.

2. Салымшылар сенім серіктестігінің міндеттемелері бойынша серіктестіктің жарғылық қорына өздері енгізген салымдар сомаларының шегінде жауап береді.

36-бап. Сенім серіктестігін тоқтатудың ерекшеліктері

1. Сенім серіктестігі осы Заңның 9-бабында көрсетілген негіздерден басқа, сол сияқты одан барлық толық серіктестер немесе барлық салымшылар шығып кеткен жағдайда тоқтатылады.

Егер құрамында ең болмағанда бір толық серіктес пен бір салымшы қалса, сенім серіктестігі сақталады.

2. Сенім серіктестігінде қалған толық серіктестер соңғы салымшы шыққан мезеттен бастап алты айдың ішінде немесе серіктестікте қалған салымшылар соңғы толық серіктес шыққан мезеттен бастап алты айдың ішінде серіктестікті сақтап қалу

мақсатында онда жоқ салымшылар немесе толық серіктестер ретінде серіктестікке жаңа қатысуышылар қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда, сол сияқты толық серіктестер немесе салымшы азаматтар сенім серіктестігін толық серіктестік етіп қайта құруға құқылы.

3. Егер сенім серіктестігінде толық серіктестер ғана немесе салымшылар ғана қалса, онда олар осы Заңның 25-бабының 3-тармағында көзделген іс-әрекетті жасауға құқылы

4. Сенім серіктестігі таратылған кезде салымшылар оның кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған серіктестік мүлкінен салымдарды алуда толық серіктестерге қарағанда басым құқыққа ие болады. Сенім серіктестігінің осыдан кейін қалған мүлкі, егер құрылтай құжаттарында өзге тәртіп белгіленбесе, толық серіктестер мен салымшылар арасында олардың серіктестік мүлкіне қосқан үлесіне барабар бөлінеді.

ІІІ-ТАРАУ. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

37-61-баптар

Ескеरту. ІІІ және ІV тараулар алынып тасталды, V тарау ІІІ тарау болып саналды, 54-79-баптар тиісінше 37-62-баптар болып есептелді - ҚР 1998.04.22 N 221 Заңымен.

Ескерту. ІІІ(V) тарау және 37-61 баптар алынып тасталды - Казақстан Республикасының 1998.07.10 N 282 Заңымен.

62-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті